

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS AND
WORLD LANGUAGES

3 (74) 2024

ISSN 2412-2149 (Print)

ISSN 2710-3269 (Online)

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

ХАБАРШЫСЫ

“ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ”

сериясы

ИЗВЕСТИЯ

КазУМОиМЯ имени Абылай хана

серия “ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

BULLETIN

of Ablai Khan KazUIRandWL

Series “PEDAGOGICAL SCIENCES”

Алматы

«Полилингва» баспасы

2024

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

1 Бөлім

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Раздел 1

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Part 1

A THEORY AND PRACTICE OF PROFESSIONAL PREPARATION OF SPECIALISTS IS AT HIGHER SCHOOL

Sailaubay A.K., Tunçel Mehmet. Development of scientific competence of students by using the results of research on humic substances in the educational process	14-29
Сайлаубай А.К., Мехмед Тунчел Развитие научной компетентности студентов путем использования результатов исследований гуминовых веществ в образовательном процессе	14-29
Сайлаубай А.К., Мехмед Түнчел. Білім беру процесінде гуминді заттарды зерттеу нәтижелерін пайдалану арқылы студенттердің ғылыми құзыреттілігін дамыту	14-29
Кударова Н.А., Нургалиева М.Е. Студенттердің адами капиталдарын дамытудағы кәсіби-педагогикалық білімнің рөлі	29-49
Кударова Н.А., Нургалиева М.Е. Роль профессионально-педагогического образования в развитии человеческого капитала студентов	29-49
Kudarova N.A., Nurgalieva M.E. The role of vocational and pedagogical education in the development of students' human capital	29-49
Жумагелдиева А.Д., Абаева Г.А. Инклюзивті білім беруде педагогтердің даярлығын қалыптастыру моделдеріне талдау	49-66
Жумагелдиева А.Д., Абаева Г.А. Анализ моделей формирования готовности педагогов в инклюзивном образовании	49-66
Zhumageldiyeva A., Abaeva G. Analysis of models for the formation of training teachers in inclusive education	49-66

проблемалық әдістерімен қалыптасады.

Білім алушыларды дайындаудың құзыреттілік тәсілін енгізу технологиясы тәжірибеде жеткіліксіз зерттелген мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру функцияларын табысты орындау үшін тұлғалық және кәсіби сипаттамалардың интегралды құрылымын құрайтын құзыреттерді қалыптастыру. Жоғары білім беру орындарында болашақ мамандардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Қоғамның дамуымен білім берудің негізгі бағыттары да өзгерді және соған сәйкес өз білімін жетілдіріп отыратын жоғары білімді үздік маман талап етеді.

Тірек сөздер: іздестіру-зерттеу қызметі, құзыреттілік тәсіл, қалыптастыру, зерттеу құзыреттілігі, зерттеу қызметі, интеграция, гумин, зерттеу дағдылары

Received 17 June 2024

ӘОЖ 378

ҒТАМР 14.35.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.002>

СТУДЕНТТЕРДІҢ АДАМИ КАПИТАЛДАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ РӨЛІ

*Кударова Н.А.¹, Нурғалиева М.Е.²

¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

²Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада студенттердің адами капиталдарын дамытудағы кәсіби-педагогикалық білімнің рөлі ғылыми-теориялық тұрғысында көптеген ғалымдардың еңбектері сарапталып, қарастырылған. Сонымен қатар, білім адами капиталды арттырудың негізгі факторы ретінде сипатталады. Мақаланың тәжірибелік бөліміне сүйене отырып төртінші курс студенттерімен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері мақалада толығымен сипатталады және зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып автор адами капиталды ұтымды, үздіксіз дамыту жолдарын ұсынады. Зерттеу жұмысын жазу барысында автор адами капиталдың феноменінің жан-жақтылығына бас назар аударады.

Қазіргі кәсіптік білім беру жаһандық және аймақтық саяси, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық өзгерістер мен мәселелерден туындаған қайшылықтарға толы. Әрбір ел мемлекетінің дамуындағы, әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде кәсіби білімнің рөліне сүйене отырып, сапалы мамандарды даярлау мақсатында кәсіптік білім беру жүйесін реформалауға және жаңғыртуға ұмтылады. Айтарлықтай, бұл бағытта біздің елде де көптеген жұмыстар атқарылып келеді, жыл сайын кез келген білім саласында, білім берудің сапасы артып келе жатқаның түрлі саладағы жетістіктерден байқауға болады. Сол себепті, қазіргі таңда білім алушылардың бойларында адами капиталды дамыту маңызды факторлардың бірі болып табылады және білім адам өмірінің сапасын арттырудың маңызды факторларының біріне айналып отыр. Жалпы, студенттердің әлеуеттері білім алу қауымдастығы шеңберінде қарқынды дамиды. Осы қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттесу арқылы білім алушылар пікір алмасу барысында, жан-жақты білім сауаттылықтарын жоғарлату арқылы адами капиталдарын қарқынды дамыта алады. Жоғары оқу орны студенттерге өз капиталын ұлғайтуға, құзыреттерін жетілдіруге өзінің қарқынды септігін тигізеді.

Тірек сөздер: кәсіби білім, адами капитал, студенттер, жоғары білім, құштарлық, қабілеттілік, жаңашылдық ашуға қабілеттілік, құзыреттер

Кіріспе

«Адами капитал» ұғымы ғылымға 60-жылдардың басында енді. Батыс экономикалық әдебиеттерінде осы ұғымға қызығушылықтың пайда болуына негізгі екі себеп болды. Біріншіден, бұл қазіргі заманғы ғылымның жалпы даму заңдылығы, ол ғалымдардың адам мәселелерін зерттеуге шоғырлануынан көрінеді. Екіншіден, бұл адамның шығармашылық әлеуетінің жандандырылуы және жоғары білікті жұмыс күшін даярлау кез-келген елдің экономикалық өсуіне қол жеткізудің ең тиімді әдісі екенін мойындау қажет.

Бүгінгі таңда, табиғи ресурстарға немесе басқаларға қарағанда адами капитал ең құнды ресурс ретінде танылады және адами капитал мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі мен экономикалық өркендеуінің негізгі көрсеткіші болып табылады [1]. Білім алушының біліктілік шеңберіне және кәсіби маңызды қасиеттері ретінде біз «білім», «дағдылар мен біліктілік», «жеке және кәсіби қасиеттер» жалпыланған көрсеткіштерінде ұсынуға болатының атап айтуға болады [2].

Мемлекеттің қол жеткізілетін табыстары ондағы азаматтардың жекелеген жетістіктерінен құралады. Демек, жастар сыртқы әлем мен прогреске ашықтығы арқылы әрдайым тым көкжиегін кеңейтуге,

білім алуға, мемлекеттік және шет тілдерді үйренуге, жаңа қабілеттер мен дағдыларды меңгеруге, өздерін үнемі жетілдіріп отыруға құштар болуы тиіс. Себебі олардың әр алған озық білімдері Жаңа Қазақстанның іргетасына жаңа кірпіш болып қаланады [3].

Жалпы білім берудің негізгі миссиясы әр тарихи кезеңде қоғам қабылдаған құндылықтар мен білімнің адам дамуына тигізер ықпалына сәйкес өзгеріп отырғаны дұрыс [4]. Қазіргі таңда, жастардың маңызды қажеттіліктерінің бірі ол – жоғары білім алу қажеттілігі болып келеді. Жоғары білім қоғам өмірінің, өркениеттің бет-бейнесін батыл айқындайтын, адам қызметінің негізгі бағыттарының біріне айналуға. Жоғары білім берудің рөлі – бұл әрбір білім алушы үшін білім берудің мәні, оның құндылықтарын, көзқарастарын, мүдделерін және қазіргі замандағы адамдардың ең көп таралған негізгі іс-әрекеті болып келеді, яғни көптеген адамдар бір уақыт аралығында белгілі бір іспен айналысуы. Оқыту мақсаты педагогикалық іс-әрекетте жүйелі қызмет атқарады, мақсатты анықтау көп жағдайда оқыту мазмұнын, әдістерін, құралдарын таңдауға байланысты болып келеді [5]. Сондықтан, біздің ғылыми зерттеуіміз оқыту сапасын арттыру нәтижесінде туындайтын жоғары білім берудегі адами капиталды сапалы жетілдірудің теориялық және әдіснамалық негіздемесіне бағытталады.

Кәсіби білімнің рөлін: М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, С.И. Архангельский, А.В. Петровский, С.И. Самыгин, М.В. Буланова-Топоркова, Л.Д. Столяренко, Ф.В. Шарипова, Ш. Әлжанов, Асылбеков, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков, Ә Сыдықов, С. Балаубаев, Е. Суфиев, М. Мұқанов, А. Алдамұратов, Р. Қарамұратова, Қ. Рақымбеков және т.б. қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде белсенді талқыланылады.

В.С. Ефимовтың пікірінше, адами капитал – бұл әмбебап сипаттағы көбею үдерісінің жеке элементі, яғни барлық салаларда қолданылады және кез-келген өндірілген өнімнің қосымша құнын құрайды, автордың пікірінше адами капитал келесідей үш аспектіде қарастырылады:

- биологиялық, адами капиталдың сақталуын қамтамасыз етуін көздейтін және адамның денсаулығы мен белсенділік дәрежесі, сондай-ақ демографиялық факторлардан тұрады;

- әлеуметтік, жетілдіру мен дамуды білдіреді; бұл жағдайда адамның әлеуметтік ұйымшылдығы мен бастамашылығы, сондай-ақ оның білім деңгейі мен кәсіби дайындығы сияқты қасиеттер маңызды болып келеді;

- экономикалық, адами капиталдың қаржылық капиталға айналуы көздейді, яғни белгілі бір саладағы адамның әлеуеті, қоғамдық институттар және өндірістік жүйе сияқты факторлардан тұрады [6].

1960 жылы әйгілі американдық экономист Теодор Шульц «Адами капиталға инвестиция» тақырыбында сөйлеген сөзінде «Адами капитал» тұжырымдамасын ресми түрде ұсынды. Ол өзінің тұжырымдамасында адами капитал еңбек өнімділігін және экономикалық құндылықты арттыруға өзінің басты себебін тигізетінің айтты. Т. Шульцтің пікірінше, адами капитал – бұл адамның өзіне тән маңызды және пайдалы қасиеттерінің жиынтығы, олар тиісті инвестициялардың көмегімен күшейтілуі мүмкін, өз кезегінде, Г. Беккер бұл анықтаманы адамның білімі мен дағдыларының, сондай-ақ оның табиғи қабілеттерінің жиынтығы ретінде анықтады [7].

Б.Г. Юдин мен Б. М. Генкин бұл терминді жеке экономикадағы, сондай-ақ мемлекет пен тұтастай қоғамға қажетті ресурстардың ықтимал көзі ретінде қарастырды және адам әлеуетінің құрамдас бөліктерін анықтай отырып жеке тұлғаның физикалық және психикалық қасиеттері ретінде, сондай-ақ білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде де қарастырылуы мүмкін деген өз пікірлерін білдірді.

Гарри Беккер «Адами капитал» тұжырымдамасын бірінші болып микро деңгейге көтерді. Оның «Адами капитал теориясы» атты кітабы 1992 жылы Нобель сыйлығына ие болды. Г. Беккер адами капитал теориясын жалпы қоғам контекстіне енгізген алғашқы экономист болып саналады. Т. Шульц пен Г. Беккердің адами капитал теорияларының негізгі мазмұны: «Адами капитал көбінесе адамның білімі, дағдылары мен еңбек қасиеттеріне жатады» [8] деп сипаттады.

Э. Долан және Дж. Линдсей адами капиталды білім алу немесе практикалық тәжірибе арқылы алынған ақыл-ой қабілеттері деп түсіндіреді.

Айта кету керек, қазіргі кезеңде адами капитал теориясы пәнаралық зерттеудің нысаны болып табылады, пәндердің ерекшеліктеріне байланысты түсіндірулердің саны да сан алуан болып келеді [4]. Қазіргі таңдағы, пәнаралық зерттеулерде адами капиталды анықтау тәсілдері 1-ші кестеде ұсынылған.

Кесте 1 – Қазіргі пәнаралық зерттеулерде адами капиталды анықтау тәсілдері

Пән саласы	Адами капиталдың анықтамасы
Экономика	Өндірістік немесе тұтынушылық мақсатта пайдалана алатын әр адамның бойындағы білім қоры, дағдылары мен қабілеттері жиынтығы.
Әлеуметтану	Өмірлік сценарийді іске асырудың негізі ретінде жеке тұлғаның біліктілігі, дағды мен білімінің, сондай-ақ көзқарастарының жиынтығы болып келеді.

Экономикалық психология	Өздерінің медициналық, психологиялық, зияткерлік, мәдени, кәсіби көрсеткіштері бойынша бәсекелестік күреске жарамды адамдардың саны мен сапасы.
Әлеуметтік гигиена	Адамдардың ұрпақтарында әлеуметтік-биологиялық қасиеттерді, денсаулықты, өмір салтын, шығармашылықты, білімді басқа қасиеттерді қалпына келтіру және дамыту.
Психология	Өзін-өзі дамытатын әлеуметтік-мәдени және психофизиологиялық күрделі ұйымдастырылған ресурстық-экономикалық жеке-рефлексиялық жүйе. Пайда әкелетін білім мен құзыреттердің, субъектінің денсаулығы мен білімінің, сондай-ақ оның биоэнергетикалық және психофизиологиялық, биологиялық ресурстары мен жеке-кәсіби және рефлексивті-шығармашылық мүмкіндіктері.
Саяси психология	Адами капиталды зерттеу кезінде оның психологиялық компоненттерін талдаумен қатар, нақты кейіпкерлердің саяси контексті мен рөлдік функциялары аңғарылады. Талдау объектілерінің шеңберіне саясаткердің жеке ерекшеліктері, өздерінің саяси рөлдерін орындау ерекшеліктері ескерілуі.

Егер білімді пирамида түрінде қарастыратын болсақ, онда кәсіптік білім оның шыңы. Кәсіптік білім іргелі білім алуға мүмкіндік береді, осы алған білімі арқылы адам әлемді тұтас, біріккен түрінде көре алады және табиғатта, қоғамда болып жатқан өзгерістердің мәнін түсіне алады. Бұл білімнің түрі бізге кез-келген білім саласында кәсіби білім, бағдар алуға көмектеседі. Шын мәнінде, бүгінде кәсіптік білім беру жүйесі – бұл адамның рухани тәрбиесі, оның адами капиталын байыту, өндірістік қатынастардың субъектісі ретіндегі қасиеттерін жақсарту институты болып келеді. Орта және жоғары кәсіптік оқу орындары қоғам мүшелерінің білімі мен дағдыларының жиынтығын қалыптастырады және олардың қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде мақсатты қызмет ету мүмкіндігін қамтамасыз ете алады.

Қазіргі қоғамда білім адам қызметінің ең ауқымды салаларының біріне айналуға бастады. Білім берудің әлеуметтік рөлі айтарлықтай өсті: кәсіби білім бағытынан тұғаның да дамуы тікелей байланысты болып келеді. Соңғы онжылдықта әлем барлық білім беру түрлеріне өзінің көзқарасын өзгертті. Білім, әсіресе кәсіби білім, әлеуметтік және экономикалық озықтықтың негізгі, жетекші факторы ретінде қарастырылады. Мұндай назардың себебі, қазіргі қоғамның негізгі капиталы мен маңызды құндылығы ретінде жаңа білімді іздеуге оны игеруге және стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті адам болып табылады [9].

Жоғарғы кәсіби білім адам қызметінің негізгі салаларының біріне айналуға, шешуші дәрежеде қоғам өмірінің басқа да әрекеттері мен

аспектілерін, өркениеттің бет-бейнесін анықтайды. Соңғы жылдары жоғары білімнің рөлі өзгеруде, ол көптеген адамдар үшін сұранысқа ие бола бастады және диплом иегерлерінің саны үнемі өсіп келеді. Жоғары білім – адами капиталды өркендетудің маңызды құрамдас бөлігі және қоғамда жоғары білімнің рөлі артып келеді, өйткені сұраныс жыл сайын айтарлықтай өсіп келеді. Жоғары білім түлектерге әртүрлі кәсіби жағдайларды зерделеуге және технологиялық үдерістерді, еңбекті ұйымдастырудағы және кәсіп құрылымындағы өзгерістерге күтпеген құбылыстарға бейімделуге мүмкіндік беретін білім, білік және құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғары білім кез-келген бағыт бойынша маңызды рөл атқарады, әлеуметтік тапсырысты орындайды және қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті жүзеге асыру құралдарының бірі де болып келеді.

Кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты – тұлғаның кәсіби дамуы, оның жалпы және кәсіби мәдениетінің қалыптасуына өзінің негізін салады. Сондықтан, кәсіптік оқу орындары кімді даярлайтынына қарамастан, ең бастысы кәсіптік білім мен дамудың тиісті деңгейін қамтамасыз етуі қажет.

Сонымен, кәсіптік білім адамның қарапайым (жалпы және функционалды) сауаттылықтан терең білімге ауысуын қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін, кәсіби құзыреттіліктерін, білім алушылардың материалдық және мәдени құндылықтарын, дүниетанымын терең қалыптастырады. Сонымен қатар, болашақ маман өзін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыру қажет, өзін-өзі жүзеге асыру бағытында үнемі қарқынды жұмыс атқарып отырғаны да дұрыс болар еді.

Кәсіптік білім берудің негізгі мақсатын үш бағытта көрсетуге болады.

Бірінші бағыт – кәсіби қызметі бағыты бойынша білім мен дағдыларын игеруіне жағдай жасау, біліктілігін арттыру, бұл адамның қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес қоғамға пайдалы жұмысқа қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, кәсіптік білімді жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретінде де қарастыруға болады, өйткені кәсіби қызметте адамның қабілеттері барынша толық ашылады, әлеуметтік тұрғыдан өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, нарықтық экономика жағдайларында өзінің тұрақтылығын сезіне алады.

Екінші бағыт – өз өмірінде жалпы адамзаттық және мәдени ұлттық құндылықтарды басшылыққа алатын әлеуметтік белсенді тұлға өндірістік, экономикалық, қоғамдық қатынастарды өзгертуге, басқаруға қабілетті және өз қызметінің нәтижелері үшін жауап бере алады.

Үшінші бағыт – өндірістің шұғыл және болашақта барлық талаптарын орындай алатын дайындық деңгейі: ғылыми-техникалық, әлеуметтік ілгерілік талаптарына сәйкес келетін, кәсіби мобильді, жалпы және жан-жақты кәсіби білімді мамандармен өндірісті қамтамасыз ете алады.

Әрине, кәсіптік білім берудің басты мақсаты – адамды мамандыққа үйрету болып табылады. Мамандық – бұл тек жұмыспен қамту мүмкіндігі ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаны шығармашылыққа, жан-жақты өзін жүзеге асыру жағдайын тудыра алу болып келеді [10].

Адами капиталдың дамуының жеке ерекшеліктері бар, оның ажырамас тасымалдаушысы – адамның туылуынан бастап, оның өліміне дейін. Қозғалыс үдерісінде адами капитал айналым немесе белгілі бір айналым циклін жасауы керек. Бұл цикл адами капиталдың көбеюімен анықталады. К. Маркс атап өткендей, «Алдын ала капитал белгілі айналым циклін орындауын керек етеді және бұл цикл өмір сүру уақытымен, демек, даму уақытымен анықталады». Жалпы, әлеуметтік-экономикалық даму сәттерінде келесідей негізгі өзгерістерді бөліп көрсетуге болады:

1. Адами капиталды белгілі бір адам қалыптастырады және адамнан бөлек қалыптаспайды. Демек, адами капиталдың дамуы адамның өмірімен оның жеке өмірінің кезеңдерімен тығыз байланысты.

2. Денсаулық, білім, қабілет, тәжірибе, мәдениет жинақталып қажет ететін белгілі бір қор немесе әлеует ретінде әрекет етеді. Адами капиталдың әрбір элементтерін даму динамикасының сандық қоры ретінде қабылдау қажет.

3. Адами капиталдың қозғалысында екі кезең айқын ерекшеленеді – қалыптасу үдерісі немесе инвестициялық кезең және адами капиталды өнімді пайдалану кезеңіндегі көбею үдерісі немесе белсенді еңбек кезеңі.

4. Адами капитал өндірісте қабілеттердің жинақталуымен қарапайым және кеңейтілген болуы мүмкін. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деградациясы да ықтимал. Мысалы, жұмыссыздық немесе әлеуметтік қиындықтар кезінде.

5. Адами капитал қозғалысының циклдік сипаты денсаулықты, білімді, дағдыларды, кәсіптер мен мамандықтарды, ғылыми жаңалықтар мен инновацияларды жаңғыртудың өмірлік циклдерін қамтиды.

6. 16-25 жылдық инвестициялық цикл білім алудың, денсаулық сақтаудың, ақпараттық қамтамасыз етудің әлеуметтік қызметтерінің жоғары құнын, адами капиталдың қалыптастыру мен жинақтаудың жоғары инвестициялық сыйымдылығын қамтиды.

7. Адами капиталға салынған инвестициялардың тиімділігі немесе қайтарымы оны пайдаланатын сала мен кәсіпорынға да, адамның

жеке мотивациясы мен жауапкершілігіне де байланысты болып келеді. Субъективті және объективті факторлар адами капиталға экономикалық және әлеуметтік тиімді әсерін анықтайды.

8. Адами капиталды қалыптастыру, жинақтау және молайту ерекшеліктерін, оларды пайдаланудың нақты шарттарын ескеру қажет.

Адами капиталды зерттеу мен институционалды талдаудың циклдік тәсілін қолдана отырып, циклды адами капиталдың дамуына әсер ететін толқындық тербелмелі қозғалыстардың ерекше жағдайын атап етуге болады. Сонымен қатар, адами капитал өмірді жан-жақты байыту ретінде үздіксіз прогрессивті үйлесімділігімен сипатталады. Бұл дегеніміз, адами капиталдың даму циклін үнемі жетілдіріп жүру қажеттігін білдіреді. Осылайша, адамның қажеттіліктері мен қабілеттерін, еңбек пен тұтыну тәсілдерін мезгіл-мезгіл өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Ол неғұрлым жиі орын алса, қоғам соғұрлым бай және адамның өмірі қанық болады [11].

Білім – адами капиталды қалыптастырудың негізгі ортасы. Білім берудің маңыздылығы креативті экономиканың дамуына және материалдық өндірістің рөлін төмендету кезінде технологиялар мен инновациялардың өсіп келе жатқан рөліне байланысты болып келеді. Жоғары білім стандартты емес шешімдерді қабылдауға, еңбек нарығындағы өзгерістерге тез бейімделуге, жаңа инновациялық идеяларды қалыптастыруға және тағы басқа қажетті біліктіліктерді жас маманның бойында қалыптастырады.

Алайда, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде үздіксіз білім беру үшін барлық жағдайлар жасалғанына қарамастан, әртүрлі қосымша бағдарламаларды, қосарлы білім беру мүмкіндіктерін және оқу кезінде оқу тәжірибесін алу арқылы зияткерлік ресурсты тәрбиелеуге кедергі келтіретін көптеген мәселелер бар, атап айтқанда:

- оқу ақысының өсуі;
- ақылы жоғары білім беру ауқымын кеңейту;
- оқытудың гуманитарлық бағытының басым болуы;
- ЖОО-ларды қаржыландыру жүйесін реформалау қажеттілігі;
- оқытушылардың төмен жалақысы.

Көптеген мәселелер білім беру жүйесін қаржыландырудың жеткіліксіздігіне, мұғалімдердің жалақысына және осыған байланысты білікті кадрлардың коммерциялық мекемелерге кетуіне байланысты, білім беру қызметтерінің саны мен сапасының төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты білім беру жүйесін бюджеттен қаржыландыру, сондай-ақ педагог мәртебесін арттыру үлкен маңызға ие, өйткені білім деңгейі мен сапасына байланысты жалақы деңгейімен және оңтайлы

жүктемемен еңбек жағдайлары анықталады. Көбінесе, адами капитал инвестицияларға тәуелді болып келеді, адами капиталдың өсуі елдің барлық адами әлеуетінің өсуіне әкеледі [12].

Жақын арада Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы сапалы адами капиталды қалыптастыру үдерісіне байланысты болады. Университеттің факультетіне байланысты түлектің белгілі бір құзыреттіліктерге ие болуында және адами капиталының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Бірақ бұл ретте жоғары білім туралы білім беру стандарттары оқу үдерісінде әлеуметтік-жеке, жалпы мәдени, кәсіптік, кәсіптендіру-арнайы құзыреттерді қалыптастыруды көздейді. Адами капитал жоғары оқу орнында қалыптасып әлемдік және ұлттық білім беру нарықтарына бейімделуі тиіс. Адами капиталдың қалыптасуының негізгі қозғалтқыштары мен дамытушы күштері бәсекелестік болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің адами капиталдарын дамытудағы кәсіби-педагогикалық білімнің рөлін теориялық тұрғыдан қарастыру және тәжірибелік зерттеу әдісі арқылы анықтау.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: кәсіби-педагогикалық білім берудің тиімді жүйесін құру негізінде студенттердің адами капиталын дамыту процестерінің мәні мен мазмұнын нақтылаудан тұрады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: ЖОО оқытушысының адами капиталы мен студенттердің қалыптасқан адами капиталы ретіндегі құзыреттіліктерінің анықталған өзара байланысы оқытушылық жұмыстың тиімділігін арттырудың нақты тетіктері мен басқарушылық шешімдерін жасауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің саяси психология кафедрасының профессоры А.И. Юрьев адами капиталдың қасиеттерін бағалаудың теоретикалық негізіне және Б.Г. Ананьев пен профессор В.А. Ганзеннің әдістемелік әзірлемелерін пайдалана отырып адами капиталдың моделін ұсынды олар: өмір сүруге деген құштарлық, жұмыс істеуге деген қабілеттілік, жаңашылдық ашуға деген қабілеттілік, білім алу қабілеттілік [10].

Компоненттердің әрқайсысы психофизиологиялық, психологиялық және әлеуметтік-психологиялық қасиеттерімен тығыз байланысты болып келеді.

Өмір сүруге деген құштарлық – бұл адамның әлеуметтік-мәдени нормалар мен қоршаған орта жағдайлары контекстінде өз ресурстарын басқарудың жеке қабілеттілігі және (денсаулық, эмоция, түрткі-еріктік, танымдық салалары), дағдарыстық жағдайлардан, аффективті

бұзылулардан шығу қабілеттілігі. Жалпы, авторлармен келісе отырып, біз тәуелділік дәрежесін бағаладық:

- депрессиялық синдромдар (депрессиялық реакциялар, эндогендік депрессиялар);

- суицидтікке әдеттілік;

- жалпы тәуелділіктер (алкоголизм, нашақорлық, есірткіге тәуелділік, темекі шегу, жыныстық тәуелділік);

- төтенше жағдайларда әрекет ету.

Әлеуметтік және қоғамға жат әрекеттер:

- қылмысқа және қоршаған ортаға деген көзқарас, балалық шақтағы немқұрайлылық, агрессивтілік;

- психосоматика (тамақтанудың психогендік бұзылыстары, ас қорытудың психогендік бұзылыстары, тыныс алудың психогендік бұзылыстары, жүректің психогендік бұзылыстары, физикалық денсаулық);

- психикалық денсаулық (маниакальды синдромдар, мінез-құлықтағы қалыптылық, қарыз, жас ерекшелік дағдарыс, өз мүддесі үшін жұмыс).

Жұмыс істеуге деген қабілеттілік – бұл белгілі бір уақыт ішінде орындалатын жұмыстың саны мен сапасымен сипатталатын адам ағзасының функционалдық мүмкіндіктерінің мөлшері. Жұмысқа деген қабілеттілік келесідей психофизиологиялық көрсеткіштерді қамтиды:

- әл-ауқат, белсенділік, көңіл-күй;

- функционалды көңіл-күй;

- жүйке жүйесінің күші (қарапайым көру-моторикасының реакциясы);

- жүйке процестерінің қозғалғыштығы – қозу және тежелу (күрделі көру-моторикасының реакциясы);

- зейіннің шоғырлануы;

- белсенділік;

- еңбекке, ақшаға, бостандыққа, билікке, нәтиже деген әлеуметтік-психологиялық көзқарастар;

- өзін-өзі жүзеге асыру, жұмыстағы қарым-қатынас;

- жағдайға байланысты мазасыздық, қаттылық.

Жаңашылдық ашуға деген қабілеттілік – бұл адамның бейімделу және өзгертін жағдайлар мен қызмет сипатына бейімделу қабілеттілігі.

Жаңашылдық ашуға деген қабілеттілік келесі көрсеткіштерді қамтиды:

- күрделі көру моторикасын;

- икемділікті;

- жеке қасиеттерді;
- психопатия, паранойя, психастения, гипомания;
- мазасыздық пен ашуланшақтықты;
- діншілдік, адамгершілік, отбасындағы көзқарас, өзін-өзі жүзеге асыру, міндет.


білім алу қабілеттілік – берілген білімді қабылдау, меңгеру және жинақтау, тәжірибе және іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру. Бұл өмірдің маңызды интегративті формалардың бірі болып келеді. Оқу қабілеттілігі келесідей шкала көрсеткіштерін:

- қысқа және ұзақ мерзімді жадыны;
- зейіннің бөлінуін; зияткерлікті;
- қарапайым көру моторикасын;
- күрделі көру моторикасын;
- жеке қасиеттер (зияткерлік, мазасыздық, өзін-өзі бақылау);
- нәтиже, үдеріске әлеуметтік-психологиялық көзқарастарды қамтиды.

Білім алушының өз бітінше жұмыс істеуі үшін оның ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті және ұйымдастырушылықтың жеткілікті деңгейі қажет [13].


Нәтижелер және талқылау

Студенттердің адами капиталдарын дамытудағы кәсіби-педагогикалық білімінің рөлін анықтау мақсатында Астана халықаралық университетінің төртінші курс студенттерімен зерттеу жұмыстарын өткіздік. Зерттеу жұмыстарына БОПмӘ-20 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» және ПжП-20 «Педагогика және психология» топтарының төртінші курс студенттері қатысты. БОПмӘ-20 тобында 18 студент, ал ПжП-20 тобында 21 студент білім алады. Жалпы, зерттеу жұмысына 39 студент қатысты. Студенттердің адами капиталдарының даму деңгейлерін анықтау үшін біз екі әдістемені 2023 жылдың қыркүйек айында В. Андрееваның «Кәсіби қызметке дайындықты диагностикалау» және А.И.Юрьевтің «Адами капиталдың моделі» әдістемелерін өткіздік. Бірінші әдістемені өткізу барысында студенттер кәсіби маңызды қасиеттерін мен кәсіби құзыреттіліктерін 10 балдық шкала бойынша өздерін бағалап шықты. Бірінші әдістеменің нәтижесін 1,2 суреттен көруге болады.



Сурет 1 – В. Андрееваның:
«Кәсіби қызметке дайындықты диагностикалау» әдістемесі

Бірінші әдістеме бойынша: студенттердің азаматтық сапалары 78% пайыз, рухани-адамгершілік сапалары 70% пайыз, ал зияткерлік сапалары 55% пайыз, кәсіби мәдениет 59% пайыз, кәсіби құзыреттілік 46% пайыз көрсеткіштері анықталды. Зерттеу жұмысымызды өткізу барысында біздің қолданған келесі әдісіміз ол – А.И. Юрьевтің «Адам капиталының моделі» бойынша студенттердің өмір сүруге деген құштарлықтарын, жұмыс істеуге деген қабілеттіліктерін, жаңашылдық ашуға деген қабілеттіліктерін және білім алу қабілеттіліктерін анықтадық.




Сурет 2 – А.И. Юрьевтің: «Адам капиталының моделі»

Екінші әдістеменің нәтижесіне келетін болсақ: студенттердің өмір сүруге деген құштарлықтары 70%, білім алуға деген қабілеттіліктері 60%, жұмысқа деген қабілеттіліктері 55%, жаңашылдық ашуға деген қабілеттіліктері 51% пайызды көрсетті.

Екі әдістеменің нәтижесіне келетін болсақ: студенттер өздерінің теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға қорқандықтарын бірден аңғаруға болады. Студенттердің азаматтық, рухани-адамгершілік,


өмір сүруге деген күштарлықтары ортадан жоғары көрсеткішті көрсеткені куантарлық жағдай. Себебі, осы өмір сүруге деген маңызды қасиеттері арқылы студенттер болашақта өздерінің бойларына кәсіби бағыттары бойынша тәжірибелік білім, білік, дағдыларын жинақтай отырып құзыретті, өзіне сенімді маман болатынына күмәнданбаймыз.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесіне сүйене отырып, екі курстын студенттерімен жүйелі жұмыстар ұйымдастырылып өткізілді. БОПмӘ-20 тобында «Дарынды балалармен жұмыс», ПжП-20 тобында «Отбасы педагогикасы» пәндерінің тәжірибелік сабақтары барысында студенттердің бойларында адами капиталдарын жоғарлату мақсатында тренингтік жаттығулар үнемі өткізіліп отырды. Аталған топтың студенттері өндірістік тәжірибелерін аяқтаған соң, қайта В. Андрееваның «Кәсіби қызметке дайындықты диагностикалау» әдістемесін және А.И.Юрьевтің «Адами капиталдың моделі» әдістемесін өткіздік. Байқылау кезеңінің нәтижесін 3,4 суреттерден байқауға болады.



Сурет 3 – В. Андрееваның «Кәсіби қызметке дайындықты диагностикалау» әдістемесі

Бірінші әдістеменің нәтижесі айтарлықтай жоғарлағаның бірден бақауға болады, әрбір сапа 20-25% пайызға жоғарлағаны анықталды. Бұл әрине өте қуанышты жағдай себебі, студенттердің өздерінің мамандықтарына деген көз қарастары және жауапкершіліктерінің артқаның зерттеу жұмыстарының нәтижесінен аңғаруға болады.



Сурет 4 – А.И. Юрьевтің «Адам капиталының моделі»

Екінші әдістеменің нәтижесіне келетін балсақ: студенттердің өмір сүруге деген құштарлықтары 70% пайыздан 90%-ға, жұмысқа қабілеттіліктері 55% пайыздан 70%-ға, жаңашылдық ашуға деген қабілеттіліктері 51% пайыздан 61%-ға, білім алу деген қабілеттіліктері 60% пайыздан 80% пайызға өскенің әдістеменің нәтижесінен көруге болады. Әрине, бақылаушы кезеңде зерттеу жұмыстарының нәтижесі өскені, бұл қалыптастырушы кезеңде атқарылған жұмыстың көрсеткіші деп санауға болады.

Зерттеу жұмыстары екі кезең жүргізілді, анықтаушы кезеңде студенттердің кәсіби қызметтеріне деген қызығушылықтары мен адами капиталдарының көрсеткіштері анықталды. Әрине, студенттердің ең алғашқы көрсеткіштері өндірістік тәжірибеден соң, төртінші курстың соңында диагностикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері айтарлықтай өсті. Себебі, студенттер өндірістік тәжірибе барысында өздерінің құзыреттіліктерін тәжірибе жүзінде іске асырып, мамандық иегерлері ретінде өздерін байқап көрді. Ал, бақылаушы кезеңде студенттердің зерттеу жұмыстары бойынша көрсеткіштері бір шамалы өскенің 2,3 суреттерден байқауға болады.

Қорытынды

Соңғы жылдары экономикалық өсу және техникалық қуаттың артуымен қатар, адамзаттың дамуы мен мәдениеті оның даналық деңгейімен көбірек анықталатындығы байқала бастады. Эрих Фроммның пікірінше, адамның дамуы оның бар нәрсесімен емес, оның кім екендігімен және ол бар нәрсесімен не істей алатынымен анықталады. Мұның бәрі өркениеттің дағдарыс жағдайында, адамзаттың өткір жаһандық мәселелерін шешуде білім үлкен рөл атқаратының айқын түсінуіміз қажет. Осыған байланысты «Адами капитал» теориясы кеңінен танылды. 20 ғасырдың басында американдық экономист Фишер

жан-жақты капитал тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік жасады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес капитал – бұл белгілі бір уақыт аралығында табыс әкеледі, ал кез-келген кіріс капитал болып табылады.

Бұл теория Батыста кең таралған экономикалық өсудің жалпы теориясының ажырамас бөлігі болып саналады. Оның негізгі теориялық тұжырымдамалары келесідей:

- оқыту арқылы адамдар алған дағдылары мен білімдері капиталдың бір түрі болып табылады;
- адам капитал негізінен әдейі салынған инвестицияның өнімі болып келеді;
- адами капитал қарапайым заттай капиталға қарағанда жылдам қарқынмен өседі;
- адами капиталдың өсуін қазіргі экономикалық жүйенің ең тән белгісі деп санауға болады [13].

«Адами капиталды» кең және тар мағынада ұсынуға болады. Тар мағынада капиталдың бұл түрі білім болып табылады: адами деп аталауы, өйткені бұл форма адамның бір бөлігіне айналуға, ал капитал болашақ табыстың қайнар көзі болып табылатындығына байланысты аталады. Кең мағынада «Адами капитал» адамға салынған инвестициялар есебінен қалыптасады, олар: оқу, өндіріске дайындық, денсаулыққа байланысты шығындары, баға мен табыс табуға байланысты ақпаратты іздестіруге байланысты қоныс аударуды атауға болады.

Адами капиталды білім берудің және кәсіптік білім беру призмасы арқылы қарастыратын болсақ, адамның кәсіби дамуы мен қоғамның дамуы арасындағы байланысы анық. Бүгінгі таңда кәсіптік білім беру жүйесі өндірісте, ғылымда және мәдениетте болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және рухани үдерістерде ескерілуі керек. Тек осы жағдайда ғана қоғамның ілгерілеуіне негіз бола алатын, өнімді еңбекке қабілетті маман даярлау мүмкін.

Қазіргі заманда маманның біртұтас болып қалыптасуына оның ізгілікті және жан-жақты тұлға ретінде дамуына, сондай-ақ аталған және басқада қасиеттерінің қарқынды дамуына кәсіптік білім беру жүйесі өзінің тікелей үлесін қосады. Кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты – жоғары білікті маман даярлау, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз кәсібінде еркін және өзінің саласына байланысты ортада еркін бейімделе алатын, әлемдік стандарттар деңгейінде тиімді жұмыс істеуге қабілетті маман, үнемі кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын қызметкерді дайындау болып келеді. Кәсіптік білім беру жүйесін және мамандарды даярлау сапасын түбегейлі жақсартудың мақсаты – елдің болашағы үшін іргелі маңызға ие. Кәсіби-педагогикалық әрекетті

қалыптастыру шарттары оның механизімі болып табылатындығы анық.

Адами капитал жекелеген мемлекеттердің жалпы әлемдік қоғамдастықтың қазіргі дамуының маңызды құрамдас бөліктерінің біріне айналуға. Сонымен қатар, адами капитал деңгейлерінің белгілі бір классификациясын келтіруге болады:

- жеке адами капитал – жеке деңгей;
- ұйымның адами капиталы – микро деңгей;
- аймақтық адами капитал – мезо деңгей;
- ұлттық адами капитал – макродеңгей;
- ұлттықтан жоғары (жаһандық) адами капитал – жаһандық деңгей [14].

Көптеген жаңа технологиялардың арқасында студенттердің жаңа буыны алдыңғы буындарға қарағанда оқуға көбірек қызығушылық танытады. Олар интерактивті оқу ортасын және топтық жұмысты құптайды, ақпаратқа қол жеткізуде өздерін шектемейді, онлайн форумдарға қатысады және әлеуметтік медианы, әсіресе білім беру мақсатында белсенді пайдаланады [15].

Осылайша, жаһандану және халықтың дүниетанымы мен менталитетін өзгертетін ақпараттық технологиялардың таралуы жағдайында адами капиталдың сапалы өзгеруі байқалуда. Қазіргі таңда, «өмірдің сапасын» өзгерту үшін материалдық игіліктердің санымен емес, адамға жердегі адами капиталды сақтау және көбейту үшін өзінің әртүрлі қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін жағдайлар тудыру қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Цигулева О.В. Роль образования в формировании человеческого капитала на современном этапе //Siberian Pedagogical Journal. – 2015. – Том 9. - № 2 (45). – 19-23 с.

[2] Сырымбетова Л.С., Жетписбаева Б.А. Компетентностная модель студента выпускника высшей школы //Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана серия «Педагогические науки». – Алматы, 2023. - Том 69. - № 2 (69). – 10-27 с.

[3] «Аманат» партиясының Жастар қанаты «Жастар рухи» деп аталатын болады //Сайт «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі, 12.07.2022. – Кіру режимі: https://www.inform.kz/kz/amanat-partiyasynyn-zhastar-kanaty-zhastar-ruhy-dep-atalatyn-boldy_a3953828 [Қаралған күні: 12.07.2022]

[4] Орақова А.Ш. Жаңартылған білім беру жүйесінің басты ерекшеліктері [Электрондық ресурс] / А.Ш. Орақова, М.Р. Кушербаева // Педагогика және психология. – 2021. – №3 (48)

[5] Калиева К.М., Аймагамбет Т. Біліктілік тәсіл - педагогикалық процесі ұйымдастыру негізі // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. № 4 (55) – 16-23 б.

[6] Чучулина Е.В. Разработка модели формирования человеческого капитала в условиях интеграции высшего образования России на мировой рынок образовательных услуг [Электронный ресурс]: монография / Чучулина Е. В., Базеян А. А.; Пермский государственный национальный исследовательский университет. – Электронные данные. – Пермь, 2020. – 100 с.

[7] Корчагин Ю.А. Широкое понятие человеческого капитала. – Воронеж: ЦИРЭ, – 2009. – 252 с.

[8] Беккер Г. Человеческий капитал (главы из книги). Воздействие и заработка инвестиций в человеческий капитал //США: экономика, политика, идеология: экономический подход. – М., 2003. – 112 с.

[9] Грачев С.А. Инвестиция в человеческий капитал: учебное пособие. – Владимир: Изд-во ВлГУ, – 2016. – 114 с.

[10] Зинченко В.О. Современные проблемы профессионального образования: Учебное-методическое пособие для магистрантов по направленной подготовки. «Луганский национальный университет имени тараса Шевченко». – Луганск : «Книга», 2016. – 185 с.

[11] Зеер Э.Ф. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов. – 2-е изд., перераб., доп. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: деловая книга, – 2003. – 336 с.

[12] Юрьев А.И., Шевякова Л.П., Бурикова И.С. Стратегическая психология глобализации: Психология человеческого капитала. Учебное пособие / Под. науч. ред. д-ра психол. Наук, проф. А.И. Юрьева. – СПб.: Logos. – 2006. – 512 с.

[13] Драганчук Л.С. Образование и развитие человеческого капитала // Проблемы современной экономики. – 2011. – №1 (37). – с. 50-54

[14] Жұмабаева Ж., Жұмаш Ж. Жоғары оқу орнында тиімді оқытуды ұйымдастырудың жолдары // Педагогика және психология. – 2023. – № 2 (55). – С.71-80. Режим доступа: URL <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1376> [Дата обращения: 30.02.2023]

[15] Popandopulo A., Kudysheva A., Fominykh N., Nurgaliyeva M., Kudaraova N. Assessment of students' metacognitive skills in the context of education. // Sec. Digital Education. – 2023. - Vol. 8, no. 1182377. – pp. 441-452.

REFERENCES

- [1] Tsigýleva O.V. Rol obrazovaniya v formirovanií chelovecheskogo kapitala na sovremennom etape (The role of education in the formation of human capital at the present stage) //Siberian Pedagogical Journal.– 2015. – Tom 9. - № 2 (45). – 19-23 s. [in Rus.]
- [2] Syrymbetova L.S., Jetpisbaeva B.A. Kompetentnostnaya model stýdenta vypýsnika vysshei shkoly (Competency model of a student graduate of a higher school) //Izvestiya KazÝMOiMJa imeni Abylai hana seriya «Pedagogicheskie naýki». – 2023. - Tom 69. - № 2 (69). — 10-27 s. [in Rus.]
- [3] «Amanat» partiyasynyń Jastar qanaty «Jastar rýhi» dep atalaty bolady (Youth wing of «Amanat» party will be called «Youth Ruhi») //Sait «QazAqparat» Halyqaralyq aqparat agenttigi, 12.07.2022. – Kiru rezhimi: https://www.inform.kz/kz/amanat-partiyasynyn-zhastar-kanaty-zhastar-ruhy-dep-atalatyn-boldy_a3953828 [Qaralǵan kúni: 12.07.2022]. [in Kaz.]
- [4] Oraqova A.Sh. Jańartylǵan bilim berý júesiniń basty erekshelikteri [Elektronдық resýrs] (The main features of the updated education system [Electronic resource]) / A.Sh. Oraqova, M.R. Kýsherbaeva //Pedagogika jáne psihologiya. – 2021. – №3 (48) [in Kaz.]
- [5] Kalieva K.M., Aimagambet T. Biliktilik tásil - pedagogikalıyq protsesti uıymdastyry negizi (The qualification approach is the basis of organizing the pedagogical process) // Abylai han atyndaǵy QazHQJÁTY Habarshysy «Pedagogika ǵylymdary» seriasy. – 2019. № 4 (55) – 16-23 b. [in Kaz.]
- [6] Chýchýlina E.V. Razrabotka modeli formirovaniya chelovecheskogo kapitala v ýsloviyah integratsii vysshego obrazovaniya Rossiya na mirovoi rynek obrazovatelnyh úslýg [Elektronnyy resýrs]: monografiya (Development of the model of human capital formation in the conditions of integration of higher education of Russia into the world market of educational services [Electronic resource]: monograph) / Chýchýlina E. V., Bazeian A. A.; Permskii gosýdarstvennyy natsionalnyy issledovatel'skii ýniversitet. – Elektronnyye dannye. – Perm, 2020. - 100 s. [in Rus.]
- [7] Korchagin Iý.A. Shirokoe poniatie chelovecheskogo kapitala. (The broad concept of human capital) – Voronej: TsIRE, – 2009. – 252 s. [in Rus.]
- [8] Bekker G. Chelovecheskii kapital (glavy iz knigi). Vozdeistvie i zarabotki investitsii v chelovecheskii kapital (Human capital (chapters from the book). Impacts and earnings of human capital investments) // SShA: ekonomika, politika, ideologiya: ekonomicheskii podhod. – M.: izd-vo VShE, – 2003. – 112 s. [in Rus.]
- [9] Grachev S.A. Investitsiya v chelovecheskii kapital: ýchebnoe posobie. (Investment in Human Capital: Study Guide) – Vladimir: Izd-vo VIGÝ, – 2016. – 114 s. [in Rus.]

[10] Zinchenko V.O. Sovremennye problemy professionalnogo obrazovaniya: Ýchebnoe-metodicheskoe posobie dlia magistrantov po napravlennoi podgotovke. (Modern Problems of Vocational Education: Educational and Methodical Manual for Master's Degree Students on the direction of training). «Lýganskii natsionalnyi ýniversitet imeni tarasa Shevchenko». – Lýgansk: «Kniga», – 2016. – 185 s. [in Rus.]

[11] Zeer E.F. Psihologiya profesii: Ýchebnoe posobie dlia stýdentov výzov. (Psychology of professions: Textbook for university students) – 2-e izd., pererab., dop. – M.: Akademicheskii Proekt; Ekaterinbýrg: delovaya kniga, – 2003. – 336 s. [in Rus.]

[12] Iýrev A.I., Sheviakova L.P., Býrikova I.S. Strategicheskaya psihologiya globalizatsii: Psihologiya chelovecheskogo kapitala. Ýchebnoe posobie (Strategic Psychology of Globalization: The Psychology of Human Capital. Study guide) / Pod. naých. red. d-ra psihol. Naýk, prof. A.I. Iýreva. – SPb.: Logos. – 2006. – 512 s. [in Rus.]

[13] Draganchýk L.S. Obrazovanie i razvitie chelovecheskogo kapitala (Education and human capital development) // Problemy sovremennoi ekonomiki. – 2011. – №1 (37). – s. 50-54. [in Rus.]

[14] Jumabaeva J., Jumash J. Joǵary oqý ornynnda tiimdi oqytýdy uymdastyrdýdń joldary (Ways to organize effective training at a higher educational institution) // Pedagogika jáne psihologiya. – 2023. – № 2 (55). – S.71-80. Rejim dostýpa: URL <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1376> [Data obraeniya: 30.02.2023]. [in Kaz.]

[15] Popandopulo A., Kudysheva A., Fominykh N., Nurgaliyeva M., Kudaraova N. Assessment of students' metacognitive skills in the context of education. // Sec. Digital Education. – 2023. - Vol. 8. - no. 1182377. – pp. 441-452.

РОЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РАЗВИТИИ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА СТУДЕНТОВ

*Кударова Н.А.¹, Нурғалиева М.Е.²

^{*1}Международный университет Астана, Астана, Казахстан

²Торайғыров университет, Павлодар, Казахстан

Аннотация. В статье проанализирована и рассмотрена роль профессионально-педагогического образования в развитии человеческого капитала студентов в научно-теоретическом контексте работы многих ученых. Кроме того, образование характеризуется как основной фактор увеличения человеческого капитала. На основе практической части статьи

были проведены исследовательские работы со студентами четвертого курса. Результаты исследовательской работы подробно описаны в статье и, опираясь на результаты исследовательской работы, автор предлагает пути рационального, непрерывного развития человеческого капитала. При написании исследовательской работы автор обращает внимание на универсальность феномена человеческого капитала.

Современное профессиональное образование полно противоречий, вызванных глобальными и региональными политическими, социально-экономическими и научно-техническими изменениями и проблемами. Каждая страна стремится к реформированию и модернизации системы профессионального образования с целью подготовки качественных специалистов, опираясь на роль профессионального образования в развитии государства, обеспечении его конкурентоспособности в мировой экономике. Немаловажно, что в этом направлении и в нашей стране проделана большая работа, с каждым годом качество образования растет в любой сфере. Поэтому развитие человеческого капитала в настоящее время является одним из важнейших факторов роста обучающихся и образование становится одним из важнейших факторов повышения качества жизни человека. В целом, потенциал студентов будет динамично развиваться в рамках образовательного сообщества. Посредством взаимодействия между этими сообществами обучающиеся могут интенсивно развивать свой человеческий капитал в ходе обмена мнениями, повышая всестороннюю образовательную грамотность. Высшее учебное заведение активно помогает студентам наращивать свой капитал, совершенствовать свои компетенции.

Ключевые слова: профессиональные знания, человеческий капитал, студенты, высшее образование, увлеченность, способности, способность к инновациям, компетенций

THE ROLE OF VOCATIONAL AND PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' HUMAN CAPITAL

*Kudarova N.A.¹, Nurgalieva M.E.²

^{*1}Astana International University, Astana, Kazakhstan

²Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

Abstract. The article analyzes and discusses the role of vocational pedagogical education in the development of human capital of students in the scientific and theoretical context of the work of many scientists. Based on the theoretical part of the article, research work was carried out with fourth-year students. The article fully describes the results of the research work, and based

on the results of the research work, the author suggests ways for the rational, continuous development of human capital. Additionally, education is described as a key factor in increasing human capital.

Modern vocational education is full of contradictions caused by global and regional political, socio-economic, scientific and technical changes and problems. Each country strives to reform and modernize the vocational education system in order to train quality specialists, relying on the role of vocational education in the development of the state and ensuring its competitiveness in the global economy. It is important that a lot of work has been done in this direction in our country; every year the quality of education is growing in every field. That is why the development of human capital is one of the most important factors for students. Therefore, the development of human capital among students is one of the most important factors, and education becomes one of the most important factors in improving the quality of human life. In general, the potential of students is intensively developed within the educational community. Through interactions between these communities, students can quickly develop their human capital through the exchange of ideas, increasing their comprehensive information literacy. The higher education institution actively supports students in increasing capital and improving competencies.

Key words: professional knowledge, human capital, students, higher education, passion, abilities, ability to innovate, competencies

Мақала түсті: 9 April 2024

ӘОЖ 373.013.77.026.091.3(574);

ҒТАМР 14.25.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.003>

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛДЕРІНЕ ТАЛДАУ

***Жумагелдиева А.Д.¹, Абаева Г.А.²**

***^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тиімді білім беру моделін құру мәселесі жан-жақты қаралды. Шет елдік және отандық ғалымдардың пікірі, олардың инклюзивті білім беруді құруда